

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТРЛІГІ**

**Науаи облысы Зарафшан қаласындағы 4-мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы
Рустемова Замираның бір сағаттық ашық сабақ үлгісі**

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: БЕЙНЕЛЕУШІ СӨЗДЕР

Сабақтың мақсаты:

а) **Білімділік** : Оқушыларға бейнелеуші сөздер және олардың жасалу жолдарын түсіндіру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, теориялық білімдерін тереңдету.

ә) **Дамытушылық**: Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, байқағыштық қасиеттерін дамыту.

б) **Тәрбиелік**: Мысалдар арқылы ізеттілікке, әдептілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу, ұйымшылдыққа жұмылдыру.

в) **Ұлттық идеологиялық тәрбие**: Ұлттық дәстүрлерімізді тереңнен танып білуге үйрету.

г) **Кәсіптік бағдар беру**: Оқушыларға оқытушылық, әншілік кәсібі туралы мәлімет беру.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап, ой толғау, топпен жұмыс

Сабақтың көрнекілігі: Компьютер, Венн диаграммасы, схемалық таблица, үлестірмелі кестелер, әр түрлі суреттер, буклет, анагарммалар.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, ән- әуен, география, астрономия.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі Оқушыларды сабақ өтуге бейімдеу, оларды түгелдеу, оқушылардың зейінін сабақ мақсатына жұмылдыру.

II. Үй тапсырмасымен жұмыс

Үй тапсырмасын тексеру. Сұрақ жауаптар арқылы, үлестірмелі кеспелер арқылы үй тапсырмасын сұрау.

III. Жаңа сабақ

Сабақтың эпиграфы:

Сөз таптарын меңгеру,


Өз тілінің өрісі.


Тани білсең қыр-сырын,

Білімнің сонда жемісі – деп сабақтың эпиграфын ала отырып, біз сөз таптарын 9 топқа бөліп қарағанбыз.

1-слайд. Сөз таптарының түрлері.

1. СӨЗ ТАПТАРЫ:






Біз сөз таптарының ішінде еліктеуіш сөздерге келіп тоқтағанбыз.

2-слайд. Ой толғау. Еліктеу сөздер дегеніміз не?

Айналадағы әр түрлі құбылыстардың дыбыстарына, қимыл-әрекеттеріне еліктеумен немесе олардың бейнелерімен байланысты туған сөздер *еліктеуіш сөздер* деп аталады. Еліктеуіш сөздер мағынасы жағынан айналадағы әр түрлі дыбысқа және жеке қимылға, іс-әрекетке еліктеуді білдіруіне байланысты *еліктеуіш сөздер* және *бейнелеуіш сөздер* болып екіге бөлінеді. Табиғатта заттардың қозғалуы, бір-бірімен қақтығысу, соғылу сияқты алуан түрлі қимыл, амал-әрекеттердің нәтижесінде әр түрлі дыбыстар пайда болады. Оларды біз құлақпен естиміз. Сол дыбыстарға еліктеу арқылы пайда болған сөздер еліктеуіш сөздер деп аталады.

2. ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР



Мысалы:

1. Алыстан гүрс ете қалған мылтық даусы естілді.
 2. Есік алдында арс-арс үрген төбет ит үй маңына ешкімді жолатпайды.
- Балалар, әрбір күнгі білімдерің шындалсын,
 Жаңа білім санаңда нық орнасын,- деген ұранды бүгінгі сабағымыздың мақсаты ете отырып, жаңа тақырыбымызды бастаймыз.

Табиғаттағы заттардың қозғалысын, күйін көру арқылы сипаттайтын, бейнелейтін сөздерді **бейнелеуіш сөздер** дейміз.

3- слайд. Бейнелеуіш сөздердің жасалу жолдары.



3- слайд. Мысалы:

1. Айну^р Ерла^нға **жалт** қарады.
2. Мақсат ұялғаннан **қызараң-қызараң** етіп, не істерін білмей тұр.
3. Лезде **жарқ-жүрқ** етіп найзағай ойнады.

IV. Кітаппен жұмыс. Жаттығулар орындау . Жаңа тақырыпты түсіндіріп болған соң, сынып оқушыларын екі топқа бөліп, топпен жұмыс алып барылады. Біріне «Мұрагер» екіншісіне «Аманат» тобы деп ат қойямын.

303 және 304 жаттығуды орындатау. Мұнда бейнелеуіш сөздерді тауып, мағыналарына қарай ажырату.

V. «Ойлан, ізден, тап» ойыны.

Мына мақал-мәтелдерден еліктеуіш сөздер мен олардың жасалу жолдарын табындар.

1. Жарқ еткен күндей бол,
Жайнаған гүлдей бол.
2. Шарт-шұрт еткен ашуға,
Ақылмен ойлан басуға.
3. Қалт-күлт еткен еңбекте,
Өнеге жоқ өнбекке.

Суретте кім жылдам? ойыны. Суретке қарап, сөйлем құрау. Кенет жарқ-жүрқ етіп найзағай ойнады да, тырс-тырс етіп жаңбыр жауа бастады.

VIII. Жаңа сабақты бекіту. Тест сұрақтары.

1. Еліктеу сөздер неше топқа бөлінеді?

А. 2 В. 3 С. 4 Д. 5

2. Еліктеу сөздер қайсы сөз тобынан жасалады?

А. Зат есім Сан есім
В. Етістік Д. Есімдік

3. Табиғаттағы заттардың қозғалуы, дыбысталуы арқылы жасалған сөз тобын ата?

А. Еліктеуіш С. Қаратпа сөз
В. Одағай Д. Төл сөз

2 - топ

1. Жарқ етіп білім орнасын,

Сананда сенің жас ұлан. Қандай сөздер берілгенін табыңдар.

А. Бейнелеуіш С. Еліктеуіш
В. Одағай Д. Етістік

2. Бойы- бұлғаң, сөзі жылмаң,

Кімді көрсем мен сонан, - дегенде Абай нені айтпақшы болған?

А. Жаман қасиет С. Инабаттылық
В. Адамгершілік Д. Өсиет

3. Наурыз мерекесінде балалардың сыңғыр-сыңғыр күлкісі естіледі. Еліктеуіш сөз қалай жасалған?

А. Қосарлану арқылы С. Тіркесу арқылы
В. Бірігу арқылы Д. Жалғау арқылы

Оқушылар білімін бағалу. Жауап берген оқушыларға қиындылар беріледі. Топ мүшелерінің жинаған ұпайын қосып, топтың бағасын береміз. Қайсы топ ұтқандығы айтылады. Сабаққа белсенді қатысқан оқушылар бағаланады.

XI. Сабақты қорытындылау. Сабақты қорытындылай келе Сәкен Сейфуллин мен Абайдың «Ақсақ киік» және «Желсіз түнде жарық ай әндерімен» аяқтамақшымын.

1. Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны-терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

2. Қап-қара екі көзі мөлдіреген,
әдемі екі танау желбіреген.
Елендеп жас балаша жалтаңдайды,
Жел түрткен жусаннан да селдіреген.

Осы өлең жолдарындағы еліктеуіш сөздерді табамыз.

XII. Үйге тапсырма: Бейнелеуіш сөздерді оқып келу. 306-жаттығуды орындау. Еліктеуіш сөздерді тауып, мағынасына қарай ажырату.

